



**АРДА ТҰРАН
«ТОБЫЛ» САПЫНА
ҚОСЫЛДЫ**

→2



**БАХАНЫҢ
ҚҰНЫ
ӨСТІ**

→3



**ШЕНЕУНИКТЕРІМІЗ
ОЛИМПИАДАҒА
ЖАРТЫ ЖЫЛ
ҚАЛҒАНДА
ҚОЗҒАЛАДЫ**

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz


№6 (5357)
24 ақпан 2022 жыл

Газет бейсенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

САНҒА ЕМЕС, САПАҒА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН УАҚЫТ ЖЕТТІ ЕМЕС ПЕ?!

**ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА ҚАТЫСҚАН
34 СПОРТШЫМЫЗ БЕЙЖІНДЕ НЕ БІТІРДІ?**



СОНЫМЕН, ҚАЗАҚСТАН СПОРТШЫЛАРЫ БЕЙЖІНДЕ ӨТКЕН ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫН ЖҮЛДЕСІЗ АЯҚТАДЫ. ТӨРТ ЖЫЛДА БІР КЕЛЕТІН БАСТЫ СПОРТТЫҚ БӘСЕКЕ БІЗ ҮШІН ТАРИХЫМЫЗДАҒЫ ЕҢ СӘТСІЗ ОЛИМПИАДА БОЛДЫ. ЕЛІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ БЕРІ 2002 ЖӘНЕ 2006 ЖЫЛДАРЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНАН ҚОРЖЫНЫМЫЗ БОС ҚАЙТҚАН ЕДІ. ЕНДІ БҰЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНА БЕЙЖІН ОЛИМПИАДАСЫ ҚОСЫЛДЫ. БҰЛ ҚАЗІРГІ СПОРТ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ЖАУАПТЫ БАСШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ.

ҚАЗАҚСТАН СПОРТШЫЛАРЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНДА СПОРТТЫҢ 8 ТҮРІНЕН БАРЛЫҒЫ 34 СПОРТШЫ АПАРДЫ. ЕҢ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕМІЗ АБЗАЛ ӘЖІҒАЛИЕВТІҢ 4-ОРНЫ. ҮЗДІК ОНДЫҚҚА КІРГЕНДЕРДІҢ АРАСЫНДА ӘДІЛ ҒАЛИАХМЕТОВ (ШОРТ-ТРЕК), ДЕНИС НИКИША (ШОРТ-ТРЕК), ДМИТРИЙ РЕЙХЕРД (ФРИСТАЙЛ-МОГУЛ) ЖӘНЕ АРАЛАС ЭСТАФЕТАҒА ҚАТЫСҚАН ШОРТ-ТРЕКШІ ҚЫЗ-ЖІГІТТЕРІМІЗ БАР.

ШОРТ-ТРЕК

500 метр. Абзал Әжіғалиев – 4-орын; Денис Никиша – 8-орын; Әділ Ғалиахметов – 19-орын;

1000 метр. Әділ Ғалиахметов – 24-орын; Ольга Тихонова – 24-орын;

1500 метр. Әділ Ғалиахметов – 8-орын; Денис Никиша – DNF; Ольга Тихонова – DNF;

Аралас эстафета. Яна Хан, Ольга Тихонова, Денис Никиша, Абзал Әжіғалиев – 6-орын;

Қытай жерінде шорт-тректен бір жүлде бұйыра ма деп едік. Өкінішке қарай, үмітіміз ақталмады. Дегенмен, 500 метрге жарыс жолына шыққан Абзал Әжіғалиевтің Олимпиада ойындарын 4-орынмен аяқтауының өзі біз үшін үлкен

абырой. Елімізде енді ғана даму жолына түскен шорт-трек спортында бұрын-соңды мұндай нәтиже тіркелмеген еді.

Жалпы алғанда Мәдіғали Қарсыбеков жаттықтыратын командаға оң баға беруге болады. Екі бірдей спортшымыз финалда өнер көрсетті. Жүлде алуға Абзал Әжіғалиевтің де, Әділ Ғалиахметовтің де мүмкіндігі болған. Бірақ, Венгрия, Қытай, Ресей, Канада, Корея сияқты елдердің тәжірибелі спортшылары сын сағаты туған шақта отандастырымыздың алдын орап кетті.

Абзал осымен үшінші Олимпиадасын тәмамдады. Биыл отызға толатын спортшының енді төрт жылдан кейін Италиядағы Ақ Олимпиадаға оралуы екіталай. Жарыстан кейін шорт-трек спортына қатысты қордаланған мәселелерді ақтарып тастаған Абзалдың айтқандарына бейжай

қарауға болмайды. Егер ел спортының тізгінін ұстап отырған басшылар қазірден бастап шорт-тректегі шырғауы көп мәселелерді шешпесе, ертеңгі күні Әділ Ғалиахметов, Денис Никиша сынды жас, дарынды спортшылардың болашағына балта шабамыз.

ФРИСТАЙЛ

Могул. Дмитрий Рейхерд – 8-орын; Юлия Галышева – 11-орын; Павел Колмаков – 21-орын; Анастасия Городко – 21-орын; Аяулым Әміренова – 22-орын; Олеся Граур – 28-орын;

Акробатика. Ақмаржан Қалмұрзаева – 11-орын; Жанбота Алдабергенова – 13-орын; Шерзод Хашырбаев – 19-орын;

Қазақстан жанкүйерлерінің жүлде күткен спорттарының бірі – фристайл. Соңғы жылдары қысқы спорт түрлерінде «жыртығымызды жамап» жүрген әсіресе могулшылар еді. Юлия Галышева, Павел Колмаков, Дмитрий Рейхерд сынды қыз-жігіттеріміз әлем чемпионаттары мен әлем кубогының кезеңдерінде ұдайы жүлде алып, жанкүйерлерін қуантып жүрді. Тіпті осыдан төрт жыл бұрын Корея жеріндегі Олимпиада ойындарында қоржынымызға жалғыз қола медаль салған да Юлия Галышева болатын.

→3

БЕЙЖІН ОЛИМПИАДАСЫНА 3,5 МЛРД ТЕҢГЕ ЖҰМСАЛҒАН

БЕЙЖІН ОЛИМПИАДАСЫНА БАРҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ. ОСЫ РЕТТЕ ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІНІҢ БАС ХАТШЫСЫ АНДРЕЙ КРЮКОВ ПЕН ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІ СПОРТ ДИРЕКЦИЯСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ЕЛСИЯР ҚАНАҒАТОВ ТІЛШІЛЕРДІҢ САУАЛЫНА ЖАУАП БЕРДІ.



Андрей КРЮКОВ, Ұлттық олимпиада комитетінің бас хатшысы:

– Бейжің олимпиадасына қанша қаржы бөлінді? – Олимпиада ойындарына қатысу үшін 248 миллион теңге бөлінді. Соның ішінде 107 миллион Air Astana әуе компаниясының чартерлік рейстерін ұйымдастыруға жұмсалды.

Командаларды Олимпиада ойындарына дайындауға 789 миллион теңге кетті. Дайындық жұмыстарына 234 спортшы мен бапкер қатысты. Бір адамға кеткен шығынның орташа көлемі – 15 миллион теңге.

Ол сонымен қатар бір жылдың ішінде әрбір спорт түріне қанша қаржы бөлінетінін айтты:

биатлон – 384 миллион теңге;
тау шаңғысы – 100 миллион теңге;
коньки спорты – 400 миллион теңге;
шаңғы жарыстары – 363 миллион теңге;
керлинг – 200 миллион теңге;
трамплиннен секіру – 198 миллион теңге;
сноуборд – 14 миллион теңге;
конькимен мәнерлеп сырғанау – 143 миллион теңге;
фристайл-могул – 562 миллион теңге;
фристайл-акробатика – 319 миллион теңге;
шайбалы хоккей (ерлер және әйелдер) – 259 миллион теңге;

шорт-трек – 392 миллион теңге.

Бұдан бөлек, Ұлттық олимпиада комитеті осы олимпиадалық циклге тартқан демеушілік қаражаты айтылды. 2018 жылы – 365 миллион теңге, 2019 жылы – 369 миллион теңге, 2020 жылы – 500 миллион, 2021 жылы 599 миллион теңге бағытталды. Жалпы, демеушілер есебінен спорттық бағдарламаны қаржыландыруға 2 миллиард теңгеге жуық тартылды.

→3

БАСПАСӨЗ-2022



Myrzagalii AITKANOV, Бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазылушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»		1 ай	3 ай	6 ай	12 ай
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00

«Еуразия пресс»		1 ай	3 ай	6 ай	12 ай
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00

«Бектұрғанов»		1 ай	3 ай	6 ай	12 ай
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПҚОЙ БОКСШЫ, ЕКІНШІ ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІЛ САЛМАҚТАҒЫ, ЖЕҢІЛ ЖӘНЕ БІРІНШІ ЖАРТЫЛАЙ ОРТА САЛМАҚТАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ ФИРУЗА ШӘРІПОВА «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.

Спортшыға марапатты ҚР Спорт және Дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Самат Ерғалиев арнайы тапсырды.

Фируза Шәріпова 1994 жылы дүниеге келген. Әуесқой бокста екі рет ел чемпионы атанған. Кәсіпқой бокста 16 жекпе-жек өткізіп, 14-інде жеңіске жеткен.



АРДА ТҰРАН «ТОБЫЛ» САПЫНА ҚОСЫЛДЫ

ТҮРКІК ФУТБОЛЫНЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ, 35 ЖАСТАҒЫ ЖАРТЫЛАЙ ҚОРҒАУШЫ АРДА ТҰРАН «ТОБЫЛ» САПЫНА ҚОСЫЛДЫ.

Түркия құрамасының экс-капитаны Түркиядағы «Тобыл» командасына келіп қосылған. Бұл туралы «ФНЛ с Ильёвым» Telegram арнасы жазды.

«Тобол» командасының құрамына «Барселона» мен «Атлетико» командасының бұрынғы жартылай қорғаушысы Арда Тұран келіп қосылды. Дереккөздерімнің айтуынша, 35 жастағы футболшының қазақстандық командаға ауысу мүмкіндігі жоғары. Бірақ артық салмағы бар», деп жазды Telegram арна.

Тұран биылғы маусымда «Галатасарай» сапында 9 матчқа қатысып, 1 гол соққан.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ



ҚАЗАҚСТАН КОМАНДАСЫНЫҢ ТАҒЫ ЕКІ ӨКІЛІ ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ЖАБЫҚ ҒИМАРАТТАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ.

Ольга Рыпакованың жүлдесіне арналған халықаралық турнирде Ольга Сафронова әлем чемпионатының нормативін орындады. Ол 60 метрді 7.26 секундта жүгіріп өтті. Бұл әлем чемпионатына қатысуға жеткілікті.

Ал Михаил Литвин нормативті Қазақстан кубогында орындады. Солтүстік Қазақстан облысының тумасы 400 метрді 46.46 секундта жүгіріп өтті.

Айта кетелік, бұған дейін биіктікке секіруден Надежда Дубовицкая мен Давид Ефремов жолдама алған болатын.


Әлем чемпионаты 2022 жылдың 7 наурызында өтеді.

КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

АЛБАНИЯНЫҢ ТИРАНА ҚАЛАСЫНДА ТАЕКВОНДОДАН ПРЕЗИДЕНТ КУБОГІ ӨТТІ.

Қазақстан қоржынына алғашқы жүлде де түсті. 87 келіден жоғары салмақта өнер көрсететін Смайыл Дүйсебай күміс жүлдегер атанды.

20 ақпанда басталған аламан кеше, яғни 23 ақпанда аяқталды.



ФИНАЛДА СҮРІНДІ

АҚШ-ТЫҢ ДЕЛРЭЙ-БИЧ ҚАЛАСЫНДА ТЕННИСТЕН АТР 250 ТУРНИРИ АЯҚТАЛДЫ.

Дуэтте пәкістандық Айшам Курешимен бірге жарыстың финалына шыққан қазақстандық Александр Недовесов жеңіске бір қадам жетпей сүрінді.

Недовесов/Куреши жұбы финалда Марсело Аревало (Сальвадор) мен Жан-Жюльен Ройер (Нидерланд) дуэтінен жеңілді – 2:6, 7:6 (7:5), 4:10.

Шамамен екі сағатқа созылған матчта Александр мен Айшам тек бір брейк-пойнтты жүзеге асырып, үш қосарланған қателік жіберді.



АЛҒАШҚЫ АЙНАЛЫМДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ



ДУБАЙДА ӨТІП ЖАТҚАН АТР ТУРНИРИНІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНДЕ СЕРБИЯЛЫҚ ТЕННИСШІ НОВАК ДЖОКОВИЧ ИТАЛИЯЛЫҚ ЛОРЕНЦО МУЗЕТТИДЕН БАСЫМ ТҮСТІ (6:3, 6:3).

Бұл сербтің Австралиядағы даудан кейінші алғашқы ойыны. Естеріңізде болса, Новактың Australian Open-ге қатысуына рұқсат берілген жоқ. Оған Джоковичтің коронавирусқа қарсы вакцина алмағаны себеп.

Енді Джокович ресейлік Карен Хачанов/австралиялық Алекс Де Минаурдың қай жеңгенімен кездеседі.

Dubai Duty Free Tennis Championships АТР турнирінің жүлде қоры – 2 794 840 АҚШ доллары.

Алғашқы айналым – Новак Джокович (Сербия, 1) – Лоренцо Музетти (Италия, WC) – 6:3, 6:3.

БІРДЕ-БІР ОЙЫН ОЙНАМАЙ «АСТАНАДАН» КЕТТІ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОРҒАУШЫ ЕЛДОС АХМЕТОВ БИЫЛҒЫ МАУСЫМДА ДА «ТАРАЗДА» ОЙНАЙТЫН БОЛДЫ.

Е.Ахметов маусым соңында «Тараздан» кеткен. Сосын «Астанамен» келісімшартқа отырып, елорда клубымен Түркиядағы оқу-жаттығу жиынына аттанған.

Елдос Ахметов – Жамбыл футболшының түлегі. «Тараз» сапында 2012-2013 жылдары ойнаған. Одан кейін былтыр қайта оралып, вице-капитан болды. Жалпы, «Тараз» сапында 46 матчта бір гол соққан.

Сонымен қатар 31 жастағы қорғаушы «Ертіс», «Астана», «Қайрат» және «Қайсар» командаларының намысын қорғады. Премьер-лигада 196 кездесуде 8 рет көзге түскен.

Ұлттық құрамада 16 матчқа қатысқан.



ЕЛ БІРІНШІЛІГІ ТӨРТ ҚАЛАДА ӨТЕДІ

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨКТЕМГІ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕТІН МЕРЗІМ АНЫҚТАЛДЫ, ДЕП ЖАЗАДЫ OLYMPIC.KZ.

Турнир 22-29 наурыз аралығында Қазақстанның төрт қаласында өтеді.

2003-2004 жылғы жасөспірімдер Түркістанда, 2005-2006 жылғы спортшылар Павлодарда, 2007-2008 жылғы жасөспірімдер Жаңақорғанда, 2009-2010 жылы туғандар Көкшетауда сынға түседі.



ФЬЮРИ МЕН УАЙТ СӘУІРДЕ ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ



АУЫР САЛМАҚТА WBC НҰСҚАСЫ БОЙЫНША ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ БРИТАНИЯЛЫҚ ТАЙСОН ФЬЮРИ МЕН ОНЫҢ ОТАНДАСЫ ДИЛЛИАН УАЙТ ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ.

Бұл туралы Sky Sports хабарлайды. Дереккөзге сәйкес, қол қойылған келісімшарттар WBC-ге 21 ақпанда жіберілген. Енді ұйым басшылығы айқасты ұйымдастыруға рұқсат беруі керек.

Жекпе-жек 23 сәуірде Лондондағы «Уэмбли» стадионында өтеді деп күтілуде.

33 жастағы Фьюридің есебінде 31 жеңіс (22 нокаут) және бір тең аяқас бар. Ал 33 жастағы Уайт жекпе-жектерінің 28-ін жеңіспен аяқтаса (19 нокаутпен), екі рет жеңіліс тапқан.

ТРИАТЛОННАН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

МАМЫР АЙЫНДА ШЫМКЕНТТЕ ТРИАТЛОННАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ ЖАЛАУЫН КӨТЕРЕДІ.

Жарыс Elite санатындағы спортшылар арасында өтеді. Турнирге 15, 17, 19, 23 жасқа дейінгі спортшылар қатысады.

ҚР ҰОК мәліметінше, қатысушылар 300 метрге жүзу, 8 шақырымға велосипедпен жарысу және 2 шақырымға жүгіруден сынға түседі. Ел чемпионаты 7-8 мамырға жоспарланған.





ҚАЗАҚСТАН

OLYMPIC TEAM

САНҒА ЕМЕС, САПАҒА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН УАҚЫТ ЖЕТТІ ЕМЕС ПЕ?! ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА ҚАТЫСҚАН 34 СПОРТШЫМЫЗ БЕЙЖІҢДЕ НЕ БІТІРДІ?

← 1

Екіншіке қарай, фристайлшылар да төртжылдықтың басты жарысына дайын болмай шықты. Үміт күткен Дмитрий Рейхерд пен Павел Колмаков финалға шыға алмады. Юлия Галышеваның жолы тіптен ауыр болды. Олимпиада ойындарына келе сала «коронавирус» деген бәлені жұқтырған спортшымыз жарысты екінші іріктеу кезеңінен бастауға мәжбүр болды. Оның өзі соңғы сәтте ғана шешілді. Яғни, ұйымдастырушылар спортшымыздан екінші қайтара ПТР тапсыртты. Осының барлығы Галышеваға психологиялық жағынан қиындық тудырғаны айтпаса да түсінікті. Содан да болар, отандасымыз дәл шешуші сәтте білгенінен жаңылып, өрескел қателік жіберді.

Қалған спортшыларға келсек, Аяулым Әміренова, Анастасия Городко, Олеся Граур сияқты жас қыздарымызға тәжірибелі қарсыластарына төтеп беруге әлі ертерек екенін байқадық.

Ал, фристайлдың акробатика түріне келсек, Жанбота Алдабергенова, Акмаржан Қалмұрзаева, Шерзод Хашырбаев үштігі өнер көрсетті. Шерзод ұлттық құрамаға кеше ғана қосылған жас спортшы. Ал, Жанбота мен Акмаржан тәжірибелері толысқан, нағыз бабында болатын спортшылар еді. Бірақ, екі қызымыз да дәл жауапты жарыста біз күткендей нәтиже көрсете алмады.

ШАҒЫМЕН ТРАМПЛИННЕН СЕКІРУ

Орташа трамплин. Сергей Ткаченко – 42-орын; Данил Васильев (орташа трамплин) – 46-орын;
Үлкен трамплин. Данил Васильев (орташа трамплин) – 51-орын; Сергей Ткаченко – 54-орын;

Елімізде трамплин кешені Алматыда және Щучинск қалаларында салынған. Алайда, салуын салғанымызбен қаншама жыл өтсе де, дәл осы спорт түрінен нәтижеміз жақсармай қойды. Алты ай қыста Еуропаны шарлап жүретін спортшыларымызға мемлекет тарапынан қаншама жағдай жасалып келеді. Баратын жарыстарына барып та, қатысып та жүр. Бірақ, еуропалық елдерді айтпағанда Азияның көшіне де ілесе алмай жүрміз.

ТАУ ШАҒЫСЫ

Слалом. Захар Кучин – 36-орын; Александра Тройцкая – DNF;
Алып слалом. Захар Кучин – DNF;

Осы спорт түрі бізге керек пе? Елімізде дені дұрыс жаттығу базасы

жоқ, не жеңіп алып жатқан жүлделері жоқ. Қазақстанда жаттығып жатқан тау шаңғышыларын да көрмейміз. Әйтеуір Олимпиадаға жолдама алғандардың қатарын көбейтіп жүр. Қыс басталғанда Еуропаға кетіп, көктемге таман оралатын «туристердің» бізге қандай қажеті бар? Бәлкім осы спорт түріне кетіп жатқан миллиондарды шорт-трек сияқты спорт түрлеріне беріп, мәселелерін шешіп беруге болмас па? Санға емес, сапаға жұмыс істейтін уақыт жеткен шығар?!

ШАҒЫ ҚОССАЙЫСЫ

Орташа трамплин+10 шақырым. Шыңғыс Рақпаров – 41-орын;
Үлкен трамплин+10 шақырым. Шыңғыс Рақпаров – 43-орын;

Шаңғы қоссайысынан бір ғана спортшымыз қатысты. Шыңғыс Рақпаров екі қашықтық бойынша бақ сынап, қырықтың ары-жақ бері жағынан шықты. Трамплиннің өзін жеке спорт ретінде дамыта алмай жатқанда оған шаңғы жарысын қосу... Бұл да біздің елде болашағы бұлыңғыр спорттардың бірі.

БИАТЛОН

10 шақырым. Спринт. Александр Мухин – 49-орын; Владислав Киреев – 77 орын;
12,5 шақырым. Із кесу. Александр Мухин – 57-орын;
20 шақырым. Жекелей сайыс. Александр Мухин – 52-орын; Владислав Киреев – 25-орын;
7,5 шақырым. Спринт. Галина Вишневская – 52-орын;
10 шақырым. Із кесу. Галина Вишневская – 52-орын;
15 шақырым. Жекелей сайыс. Галина Вишневская – 44-орын;

Биатлон – жанкүйері көп спорт түрлерінің бірі. Әр жарыс нағыз кескілескен шайқаспен өтеді. Әсіресе, Норвегия, Швеция, Германия, Франция, Чехия сынды елдердің арасындағы тартыс өзгеше. Сондықтан бұлардың қатарына бұзып кіру мүмкін еместей көрінеді. Еуропа елдері әлдеқайда алға кеткен.

Осыдан төрт жыл бұрын Кореядағы Олимпиада ойындарына 9 спортшы барып еді. Сол кездегі нәтижелеріміз де бүгінгімен салыстырғанда әжептәуір тұғын. Бірақ, бұл жолғы барған үш спортшымыздың арасында ең жоғары нәтиже көрсеткені тек Владислав Киреев қана болды. Ол 20 шақырымға созылған жарысты 25-ші болып аяқтады. Қалған нәтижелері көз алдарыңызда.

Бір кездері Галина Вишневская Қазақстан биатлонындағы басты



жұлдызымыз болды. Жастар арасында әлем чемпионы атанды. Қаншама әлем кубоктарында жүлде алып жүрді. Талантты еді. Бірақ, ересектер арасына өткенде біз Галинаны жоғалтып алдық.

Галина Вишневская ересектер арасында өз мүмкіндігін толығымен көрсете алмады. Оның басқа спортшылардан ерекшелігі – ол нысананан мүлт кетпейтін нағыз мергеннің өзі. Бұл жолы да ол спринттік жарыста бірде-бір оғын далаға кетірмеді. Сөйте тұра елуінші орыннан көтеріле алмады. Яғни, физикалық жағынан келгенде Вишневская әлсіз. Өте әлсіз. Ол Пхенчхан олимпиадасы қарсаңында да сондай еді. Одан бері де өзгеріс болмады. Бұл жерде басты кінә бапкерлер штабында. Вишневскаяны физикалық жағынан тұрақты дайындайтын тәжірибелі мамандар болғанда ол 2010 жылы Олимпиада жүлдесін жеңіп алған Елена Хрусталеваның нәтижесін қайталайтыны сөзсіз еді.

КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУ

500 метр. Иван Аржанников – 28-орын; Екатерина Андова – 20-орын.
1000 метр. Надежда Морозова – 11-орын; Дмитрий Морозов – 17-орын; Екатерина Андова – 19-орын; Денис Кузин – 23-орын;
1500 метр. Надежда Морозова – 14-орын; Екатерина Андова – 18-орын; Дмитрий Морозов – 18-орын;
3000 метр. Надежда Морозова – 13-орын;
Масс-старт. Надежда Морозова – 15-орын; Дмитрий Морозов – 19-орын;

Шыны керек, қазіргі таңда Людмила Прокашеваның жетістігін қайталайтын спортшыға зәруміз. 1998 жылы Жапония жерінде өткен Олимпиада ойындарында павлодарлық Людмила Прокашева қола медаль алып қуантқан еді. Содан бері қаншама жыл өтті, нәтиже жоқ. Бір кездері Денис Кузин жарқ етіп шықты да, жоқ болды. Биыл да сол Кузинге үміт артып едік. Ақтамады. Әлем кубоктарында жап-жаөсы нәтиже көрсетіп жүрген Надежда Морозова, Дмитрий Морозов сынды спортшыларымыз алғашқы ондыққа да кіре алмады.

ШАҒЫ ЖАРЫСЫ

Спринт. Еркін әдіс. Әйелдер. Надежда Степашкина – 51-орын; Ангелина Шурыга – 60-орын; Ксения Шальгина – 67-орын; Ирина Быкова – 68-орын;
Ерлер. Евгений Величко – 62-орын; Виталий Пухкало – 66-орын;
15 шақырым. Классикалық әдіс. Виталий Пухкало – 25-орын; Евгений Величко – 40-орын;
Скиатлон (15+15). Виталий Пухкало – 32-орын; Евгений Величко – 57-орын;
Масс-старт. 30 шақырым (ерлер). Евгений Величко – 43-орын;
10 шақырым. Классикалық әдіс. Валерия Тюленова – 55-орын; Ангелина Шурыга – 50-орын; Ксения Шальгина – 51-орын;
Скиатлон (7,5+7,5). Ксения Шальгина – 48-орын; Ангелина Шурыга – 49-орын; Валерия Тюленова – 51-орын; Надежда Степашкина – 58-орын;

Масс-старт. 30 шақырым (әйелдер). Ангелина Шурыга – 42-орын; Надежда Степашкина – 49-орын; Ирина Быкова – 54-орын;

Командалық спринт. Әйелдер. Надежда Степашкина/Ксения Шальгина – 19-орын;

Эстафета 4x5 шақырым. Әйелдер. Ксения Шальгина, Ангелина Шурыга, Надежда Степашкина, Ирина Быкова – 15-орын.

Біздің елдегі шаңғы спорты мен жеңіл атлетика бір-біріне қатты ұқсайды. Жеңіл атлетикада Ольга Рыпакова болса, шаңғы спортында Алексей Полторанин. Бұл екі спортшы соңғы он жылда қазақ спортына ерекше үлес қосты. Бүкіл бір спорттың абырой-беделін жалғыз арқалады. Ал, енді екі спортшы да үлкен спорттан қол үзді. Ольга Рыпакованы енді халықаралық аренадан сирек көреміз. Азия ойындарына қатысса қатысты, қатыспаса, оған да көнеміз. Сол сияқты Алексей Полтораниннің де орны бөлек. Әлем чемпионаттарында және әлем кубоктарында ел намысын аброймен қорғаған Алексей Полторанин спорттан қол үзгелі бері үміт артатын шаңғышылар қалмады. Бір ғана Полторанинді алға салып, он жыл жүрдік (О.Рыпакова туралы да осылай айтуға болады). Сол он жылдың ішінде Алексей Полтораниннің деңгейіне жететін бірде-бір спортшы тәрбиелей алмадық. Дәлел керек болса, жоғарыдағы шаңғышылардың нәтижелеріне көз жүгіртіп шығыңыз.

ҚОРЫТА АЙТҚАНДА, ДӘЛ ҚАЗІР БІЗГЕ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС КЕРЕК. ЖОҒАРЫДА АЙТҚАНЫМЫЗДАЙ САНҒА ЕМЕС, САПАҒА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН КЕЗ КЕЛДІ. МИЛЛИОНДАП АҚША ШАШЫП, ТАУ ШАҒЫСЫ МЕН ШАҒЫШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА АПАРҒАННАН НЕ ҰТАМЫЗ? ШОРТ ТРЕК, ФРИСТАЙЛ-МОГУЛ СИЯҚТЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ. ҚАЗАҚСТАНДА ШОРТ-ТРЕКТИҢ ОТАНЫ БАТЫС ӨҢІРІ БОЛСА, ФРИСТАЙЛ-МОГУЛДА ШЫҒЫС ӨҢІРІНІҢ ҚЫЗ-ЖІГІТТЕРІ ӨРІП ЖҮР. БІР СПОРТТЫ БІР ӨҢІРГЕ БАЙЛАП ҚОЙҒАННАН ЕШТЕҢЕ ҰТПАЙМЫЗ. СОНДЫҚТАН БЕЙЖІҢ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА САБАҚ АЛЫП, ДҰРЫС ӘРІ НАҚТЫ ШЕШІМ ШЫҒАРУ ҚАЖЕТ.

Зағфар КЕРІМ

БЕЙЖІҢ ОЛИМПИАДАСЫНА 3,5 МЛРД ТЕҢГЕ ЖҰМСАЛҒАН

← 1

Елсияр ҚАНАҒАТОВ,
Ұлттық олимпиада комитеті спорт дирекциясының директоры:

– Бейжіңдегі сәтсіздіктің себебі неде?
– Өздеріңіз білесіздер, 34 спортшы 87 жолдамамен осы Олимпиадаға барды. Әрине, жанкүйерлер бізден медаль күтті. Бейжің олимпиадасында 29 мемлекет тиісті нәтижеге қол жеткізіп, медаль алды. Ал 30-орынға Абзал Әжіғалиевтің нәтижесінің арқасында ие болдық. Егемендік алғаннан бері қысқы олимпиадаларға қатысқанда 8 ғана медальге ие болыппыз. Оның төртеуін бір спортшы алып берді. Осы жолы алға басатындай жағдай болды. Фристайл-могулдан Юлия Галышева қатысты


және шорт-тректен де үмітіміз жақсы болды. Алайда медальге ие бола алмадық.

– Шаңғышылардың нәтижесі тіптен ұят болды...

– Соңғы жылдары шаңғы спортының нәтижесі төмендеп кетті. Бұл бағытта бұқаралық спортты дамыту нашар болып тұр. Солтүстік өңірлерде шаңғы спорты дамыту тиісті деңгейде емес. Сондықтан осы Олимпиаданың қорытындысы бойынша шаңғы, биатлонның нашар нәтижесіне, жалпы Бейжіңдегі нәтижемізге дұрыстап сараптама жасап, дұрыс жауаптармен алға жылжу керек. Бұл тұрғыда спорт түрлерін бұқаралық дамытуға екпін қою қажет. Атап айтқанда, бұқаралық спортты дамытуға көңіл бөлген жөн. Ауылды жерлерге де спорт кешендерін салу өзекті.



ШЫҒЫСТЫҚТАР ЧЕМПИОНДАРЫН ҰМЫТПАЙДЫ



ТАЯУДА СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДА СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАУЫНГЕРЛІК САМБОДАН АЗИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ ҚУАНЫШ САЛЫҚБАЙДЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ДОДА ӨТТІ. ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ АТЫНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНДЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРИНЕН КЕЛГЕН 100-ДЕН АСТАМ БАЛУАН 16 САЛМАҚ (ЕРЛЕР 8 ЖӘНЕ ЖАУЫНГЕРЛІК САМБОДАН 8) БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛЕРДІ САРАПҚА САЛДЫ.

Ең әуелі Қуаныш Салықбай деген кім? Осыған азырақ тоқталсақ. Қ.Салықбай (08.07.1971–16.04.2019) Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қызылбұлақ ауылында дүниеге келген. Семей малдәрігерлік институтында оқи жүріп, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушылары С.Токтарғазин мен С.Қоржықеновтің көмегімен күрес өнерінің әдіс-тәсілдеріне өбден қаныққан. Әуелі Мақаншы (қазіргі Үржар) ауданының, сосын Семей (кейіннен Шығыс Қазақстан) облысының және Қазақстан құрама командасының намысын қорғаған. Ол – 48 жылдық ғұмырының 35 жылын кілем үстінде өткізген, күрес тарихында ең ұзақ белдескен балуанның бірі. Ол самбо, қазақ және белбеу күрестерінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, самбодан Қазақстанның бес дүркін чемпионы және төрт дүркін ел кубогының иегері, Азия чемпионы және әлем чемпионы (35-39 жастағылар арасында), белбеу күресінен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Қазақстанның бес дүркін, Азияның үш мәрте абсолюттік чемпионы.

– Алдағы уақытта Семейде Қуаныш Салықбаевтың атында

қазақ күресінен турнир өткізсек, оны тұрақты өтетін беделді республикалық турнирге айналдырсақ, – деген Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Серік Токтарғазин Қ.Салықбайдың 35 жасқа дейін үзбей күресіп, толағай табысқа жеткенін айтты. – «Балуандардың көбі отыздан аса бере күресті тоқтатады. Ал Қуаныш – отыз бес жасқа дейін үзбей күресіп, ардагерлер арасында самбодан қырық шақты республикалық және халықаралық турнирлердің абсолюттік чемпионы, Қазақстанның бес дүркін, Азияның үш мәрте абсолюттік чемпионы болып, Шығыс Қазақстан облысының намысын абыроймен қорғаған балуан еді», деді ол.

– Қуаныш ағамыз – самбо және қазақ күрестерінен өзіндік өрнегі, айла-тәсілі, жеңіске деген құлшынысы бар балуан еді. Сондықтан оның есімі қазақ күресінде әрдайым қалады деп сенемін, – дейді Қазақ күресі федерациясының Шығыс Қазақстан өңірі бойынша президенті, Қазақ күресінен әлем және Азия чемпионы, «Қазақстан Барысы» турнирінің күміс және қола жүлдегері Шалқар Жоламанов. – Біз, Семей балуандары мен бапкерлері, Қуаныштың



ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕР:

Спорттық самбо:
 1-орын: 53 кг: Сұңғат Нұрлатұлы, (2.Алмат Кәрім, 3.Бақдәулет Нұрмұханбет), 58 кг: 1.Нұрым Қайроллин (2.Дәулет Аманұлы, 3.Жақсылық Оспанов), 64 кг: 1. Есентай Имаханов (2.Төлеген Нұрғалиев, 3.Дидар Тұқышов), 71 кг: 1.Жанасыл Әнуаров (2.Жасын Қалиақпаров, 3.Аян Құрманбек), 79 кг: 1.Роллан Саятов (2.Шалқыбек Рахметолла, 3.Нұржан Бекешов), 88 кг: 1. Руслан Жарқынбаев (2. Қуаныш Рәтаев, 3. Елдар Бейсембаев), 98 кг: 1. Қуандық Стамполов (2.Аян Рамазанов, 3.Жоламан Манарбекұлы), +98 кг: 1.Талғат Әміренов (2. Әділ Түкешев, 3. Бексұлтан Ғизат).

Жауынгерлік самбо:
 1-орын: 53 кг: 1. Жастілік Ахметбеков (2. Еркебұлан Мырзаханов, 3. Ерзат Маратбеков), 58 кг: 1. Мұхтар Мейрамбек (2. Семен Каратаев, 3.Роман Бойко), 64 кг: 1. Маратбек Рахметоллин (2.Манарбек Әсембай, 3.Қанат Тілеубергенев), 71 кг: 1. Дәурен Дәкенов (2.Азамат Байғожин, 3.Ерасыл Зияданов), 79 кг: 1.Нұрболат Құлбеков (2. Еламан Төлеши, 3. Тоқтасын Дәуіт), 88 кг: 1.Мағжан Жұмашев (2. Жайдар Хасенов, 3. Елдос Мырзахметов), 98 кг: 1.Еркебұлан Омаров (2. Нұрсұлтан Жұмағалиев), +98 кг: 1. Әліби Уәли (2.Дамир Секен).

атын қазақ күресі тарихында қалдырып, жас ұрпақ оның күрес жолынан үлгі-өнеге алуы үшін Семейде Қуаныштың атында қазақ күресінен шештік. Енді жоспарымызды басшыларымыз қолдаса деген ниет бар.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК МЫҚТЫЛАРЫ ШЫМКЕНТТЕ

27 АҚПАНДА ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ALASH PRIDE FC ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕН (ММА) ТУРНИР ӨТЕДІ.

Жекпе-жек кешіне Қазақстан, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан елдерінің спортшылары қатысады. Кештің басты жекпе-жегінде қазақстандық жеңіл салмақтағы Рауан Бекболат (6-3-2) әзірбайжандық Канан Шамиллимен (2-0) және Мұқағали Несіпбай (6-0-1) әзірбайжандық Байрам Шаммедовпен (8-3-0) өзара кім мықтыны анықтайды.

Назарларыңызға Alash Pride FC 72 Shymkent турнирінің толық қардын ұсынамыз:

1. Сағыбалды Ернұр (1-0) Қазақстан vs Руслан Касымалы уулу (1-0) Қырғызстан
2. Сынап Данияр (4-4-0) Қазақстан vs Жавлонбек Тухтабоев (3-1-0) Өзбекстан
3. Алматы Тілеш (1-1) Қазақстан vs Жасур Тулкинов (1-1) Өзбекстан
4. Рысбек Байдуллаев (0-0) Қазақстан vs НаDIR Хасанов (1-1) Әзербайжан
5. Иса Бекарыс (2-0-0) Қазақстан vs Махмут Кылыч (1-1-0) Түркия
6. Нұрзат Рысмухаммедов (0-0) Қазақстан vs Рустем Жамал (0-0) Түркия

7. Алтынбек Ибраев (1-0-0) Қазақстан vs Имран Сидов (0-0) Ресей
8. Айваз Айдынов (2-0-0) Қазақстан vs Байжан Элдияр уулу (6-2-0) Қырғызстан
9. Болат Манарбек (2-1) Қазақстан vs Жақып Туғанбаев (3-1) Қырғызстан
10. Вадим Лопарев (5-0) Қазақстан vs Адилет Бекжан уулу (5-1) Қырғызстан
11. Константин Солдатов (5-0) Қазақстан vs Суннат Тангиров (2-1) Өзбекстан
12. Намиқ Нефталиев (4-0) Қазақстан vs Ахмет Килич (20-3) Түркия
13. Рауан Бекболат (6-3-2) Қазақстан vs Канан Шамилли (2-0) Әзербайжан
14. Мұқағали Несіпбай (6-0-1) Қазақстан vs Байрам Шаммадов (8-3-0) Әзербайжан

Өтетін орны: Цирк, Шымкент қаласы.
Басталу уақыты: 18:00.

АҚМОЛАЛЫҚ САДАҚШЫЛАР АЗИЯ КУБОГЫНА БАРАДЫ

ЕЛІМІЗДЕ ӨТКЕН АЛАМАНДА АҚМОЛАЛЫҚ СПОРТШЫЛАР ӨРТҮРЛІ ДӘРЕЖЕДЕГІ БЕС МЕАЛЬ ЕНШІЛЕДІ.

Түркістан қаласында садақ атудан Қазақстан чемпионаты өтіп, оған 250 ересек және жасөспірім қатысты. Өңірлік денсаулық сақтау және спорт басқармасының мәліметінше, біріншілікте Ақмола облысының намысын Целиноград ауданының БЖСМ оқушылары қорғап, олар бес медаль жеңіп алған.

Жасөспірімдер арасында Андрей Тютюн жеңімпаз атанса, күміс медаль Елена Ноженкоға бұйырды.

Командалық сында Андрей Тютюн, Рудольф Вебер мен



Рақымбек Майқыбаевқа тең келер ешкім болмады.

Аралас сында да Елена Ноженко мен Андрей Тютюн дуэті топ жарды.

Әйелдер арасында «Компаунд» сынында Бибігүл Избасарова, Карина Дамирова мен Наила Мұратхан үздік үштікке енді. Сонымен қатар Карина Дамирова ҚР спорт шебері нормативін орындады.

Енді Мадина Заимова мен Андрей Тютюн Қазақстан құрамы сапында наурызда Таиландта өтетін Азия кубогына барады.

АЙКИДО АЙКИКАЙ БӨЛІМІ 15 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТТІ



ОРАЛДАҒЫ АЙКИДО АЙКИКАЙ БӨЛІМІ ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСАҒАНЫНА 15 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАП МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА ӨТКІЗДІ. №2 БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ШАРАҒА АЙКИДОМЕН АЙНАЛЫСУШЫЛАРДАН БӨЛЕК АРНАЙЫ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚОНАҚТАР МЕН АТА-АНАЛАР ҚАТЫСТЫ.

Мерекелік шара барысында ең алдымен шәкірттер мен келген қонақтарға жергілікті «АҚАІҮК» телернасында қызмет ететін және де өзі айкидомен шұғылданатын Самат Мусиннің 15 жылдыққа орай дайындаған видеоролигі көрсетілді. Содан соң шәкірттер айкидо тәсілдерін орындап, көрермен алдында көрсетілім көрсетті.

Облыстық федерацияның бас нұсқаушысы, айкидодан III дан иесі Андрей Пастухов пен нұсқаушы, I дан иегері Асан Молдағали айкидоның қаламызда қалай ашылғаны және жеткен жетістіктер жайында сөз қозғайды.

Күрметті қонақтар арасынан сөз алған облыстық «Орал өңірі» газеті бас редакторының орынбасары Сәкен Мұратұлы айкидошыларды 15 жылдық мерейтоймен құттықтап, «осы өнерге арнайы атқарушы орындардан қолдау болса» деген тілегін жеткізді. Ал өңірімізге танымал спорт журналисі, «АҚАІҮК» телернасының тілшісі Тұрар Ғабдрашитұлы, 2021 жылдың

республика бойынша үздік педагогы, қаламыздағы №25 орта мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі Тынышбай Мамытбайұлы (бір жылдары айкидоның осы мектепте өтуіне тікелей ықпал етіп, көп көмегін тигізді) сөз алды.

Жапон жауынгерлік қорғаныс өнері айкидо айкикай бөлімі Орал қаласында 2006 жылы ашылып, күні бүгінге дейін өз жұмысын жалғастырып келеді. 15 жылдық тарихы бар оралдық айкидо айкикай бөлімін ашқан қара белбеу, II дан иесі Андрей Пастуховтың еңбегі өте зор. Ол осы жылдар аралығында талай адамға жапон өнерінің түрлі тәсілдерін көрсетті. Көп шәкірті арнайы айкидо емтиханын тапсырып, ауыз толтырып айтарлық нәтижелерге қол жеткізді. Емтиханнан өткен көп айналысушы халықаралық айкикай ұйымына мүше болды. Оның 4 шәкірті I дан иесі атанып, қара белбеуді белдеріне тақты. Олар – Еркебұлан Бектияров, Николай Акатьев, Асқар Хабибуллин және Асан

Молдағали. Олардың ішінде Андрей Пастуховтың жолын жалғап, жаттықтырушылық қызмет атқарғандар да бар. Бүгінгі таңда Андрей Владимирович шәкірті Асан Молдағали айналысушыларға айкидодан сабақ беріп жүр. Сондай шәкірттері шаһарымызда осы спорттың негізін қалаған А.Пастуховқа арнайы сыйлық табыстады.

Айкидошылар Оралда өткен семинарлар мен емтихандардан бөлек Ресейде өткен оқу-жаттығу жиындарына да қатысты. Аттестациядан өтті. Айкидо фестивалдеріне де барып келді.

№2 спорт мектебіне бұрын басшылық еткен тұлғалар мен қазіргі таңдағы басшы Ерден Жанғалиев осынау жапон өнерінің қаламызда қанат жайып, жаттығулардың арнайы спорт мектеп қабырғасында өткізілуіне мұрындық болды. Аталған спорт мектебі директоры Ерден Кеңесұлына және де оның ұжымына облыстық айкидо айкикай федерациясы атынан алғыс білдіреміз. Айкидоның тек қала шеңберінде емес, облыс көлемінде де дамуына, залдар санының көбеюіне спорт басшылықтары мен жанашыр жандар атсалысса дейміз.

А.НАРЫНБАЙҰЛЫ,
 БҚО айкидо айкикай федерациясының нұсқаушысы



БАХАНЫҢ ҚҰНЫ ӨСТІ

НЕМІСТЕРДІҢ TRANSFERMARKT ПОРТАЛЫ ШЕТЕЛДЕ ӨНЕР КӨРСЕТИП ЖҮРГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ ҚҰНДЫ ФУТБОЛШЫЛАРЫНЫҢ РЕЙТИНГІН ЖАРИЯЛАДЫ. БҰЛ ТІЗІМДЕ РЕСЕЙ ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНДАҒЫ МӘСКЕУДІҢ ЦСКА КЛУБЫНЫҢ НАМЫСЫН ҚОРҒАП ЖҮРГЕН БАХТИЕР ЗАЙНУТДИНОВ КӨШ БАСТАП ТҰР.

23 жастағы Бахтиер Жамбыл облысының орталығында дүниеге келді. Әр жылдары еліміздің жасөспірімдер мен жастар құрамасында ойнаған ол 2017 жылы «Тараздың» жейдесін киіп, Қазақстан чемпионатының алғашқы маусымында премьер-лиганың ең үздік жас ойыншысына тиесілі арнайы сыйлықты иеленді. Сол жылы «Астанаға» ауысып, Суперкубоктың иегері атанды. Көп ұзамай жасыл алаңда жасындай жаркылдаған Зайнутдиновке Ресейдің «Ростов» клубы бапкерлерінің көзі түсті. Бір маусымды Дондағы Ростовта өткізген жартылай қорғаушы 2020 жылы ЦСКА-мен келісімшартқа отырды. Қазіргі кезде Бахтиер Зайнутдинов – Қазақстан ұлттық құрамасы мен Мәскеудің әйгілі әскерилер командасының белді ойыншысы. Жерлесіміздің трансферлік құны – 4 000 000 еуро.

Екінші орында – Александр Меркель. 29 жастағы Алматының тумасы кезінде ата-анасымен бірге Жетісу өңірінен Германияға қоныс аударған. Спорттық маңсабын өзінің тарихи отанында бастаған ол кейіннен Италия, Англия, Швейцария, Германия, Австрия, Нидерланд және Сауд Арабиясының чемпионаттарында бақ сынады. 2015 жылдан бері халықаралық додаларда Қазақстанның намысын қорғауда. Бұл күндері Меркель Түркияның «Газиянтепінде» ойнауда. Амплуасы – жартылай қорғаушы. Александр 2 000 000 еуроға бағаланып отыр.

Үздік үштікті Нұрәлі Әліп түйіндеуде. Ол Ақтау қаласында туып-өсті. Бірер жыл Алматының «Қайратында» ойнаған 22 жастағы қорғаушыны биыл Санкт-Петербургтің «Зенит» клубы басшылары аттай қалап алды. Нева жағалауына қоныс аударған бетте қазақтың ұлы шеберлігімен көзге түсіп, жолдастық кездесулер барысында қарсыластар қақпасына маңызды голдар соқты. Қазіргі кезде Нұрәлінің трансферлік құны 1 700 000 еуроны құрап отыр. Егер ол дәл осы бетінен таймаса, онда алдағы уақытта қандасмыздың бағасы шарықтай түсетіні анық.

Сондай-ақ ең құнды «ТОП-10» футболшының қатарына мына ойыншылар еніп отыр: Марат Быстров («Ахмат», Ресей) – 900 мың, Ян Ворововский («Моленбек», Бельгия) – 750 мың, Георгий Жуков («Висла», Польша) – 500 мың, Алексей Щёткин («Ротор», Ресей) – 400 мың, Акмаль Бақтияров («Олимп-Долгопрудный», Ресей) – 200 мың, Магамед Узденов («Абдыш-Ата», Қырғызстан) – 175 мың, Алексей Родионов («Алашкерт», Армения) – 150 мың, Арген Жұматаев («Нефтчи», Қырғызстан) – 150 мың және Ирисдавлат Хакимов («Алга», Қырғызстан) – 150.

РОНАЛДУ АҚШ-ҚА КЕТУІ МҮМКІН

MLS-ТИҢ ЕКІ БІРДЕЙ КЛУБЫ ПОРТУГАЛИЯЛЫҚ ШАБУЫЛШЫҒА КЕЛІСІМШАРТ ҰСЫНУҒА ДАЙЫН.

Криштиану Роналдудың «Манчестер Юнайтедтегі» өнеріне көңілі толмайтындар көп. Ағылшын клубына ауысқанда әдемі голдарымен көзге түсіп жүрген Криштиану соңғы 13 жылдағы антирекордын қайталап, қақпаны тура көздей алмай жүр.

Егер «қызыл сойқандар» маусым соңында Чемпиондар лигасына өте алмаса, олар жұлдызды ойыншымен келісімшартты үзуге мәжбүр болады.

Сондықтан Роналду манкуниандықтар қатарынан биылғы маусымда-ақ кетуі әбден мүмкін. Осыны ескерген клубтар португалиялықтың агентіне хабарласып жатыр.



«АСТАНА» РИВАЛДОННЫҢ ҰЛЫНА ҰСЫНЫС ЖАСАДЫ



ЕЛОРДАНЫҢ «АСТАНА» КЛУБЫ 26 ЖАСТАҒЫ БРАЗИЛИЯЛЫҚ ШАБУЫЛШЫ РИВАЛДИНЬОҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТЫП ОТЫР.

Бұл туралы Digisport порталы хабарлады.

Ривалдиньо – «Барселона» командасы мен Бразилия құрамасының экс-футболшысы, «Алтын доптың» иегері Ривалдонның ұлы.

